«ИНВИТРО-Казахстан» ЖШС
Бас директорының
2017 Ж. 04
мамырдағы
№63-од бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

«ИНВИТРО бонус» бағдарламасының
ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «ИНВИТРО бонус» бағдарламасының ережелері (бұдан әрі – Ережелер) жаоия оферта болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында жеке тұлғалардың «ИНВИТРО бонус» бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) қатысу шарттарын айқындайды.

1.2. «ИНВИТРО бонус» бағдарламасына қатысуға пациенттің ақпараттандырылған келісіміне немесе пациенттің заңды өкілінің «ИНВИТРО бонус» бағдарламасына қатысуға ақпараттандырылған келісіміне (бұдан әрі – Келісім) қол қойған пациент осылайша өзінің осы Ережелермен толық және сөзсіз келісуін білдіреді және оларды орындауға міндеттенеді.

2. Терминдер мен анықтамалар:

2.1. **«ИНВИТРО бонус» бағдарламасы** – осы Бағдарламаға клиенттерді тартуға және кірген клиенттерді ұстауға бағытталған маркетингілік бағдарлама.

2.2. **Бағдарлама ұйымдастырушысы (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы»)** – келесі функциялардың орындалуын қамтамасыз ететін заңды тұлға:

2.2.1. Бағдарлама логотипі мен оны пайдалану ережелерін белгілеу;

2.2.2. Бағдарлама Операторы, сондай-ақ Бағдарлама серіктестері өткізетін маркетингілік шараларға ақпараттық-жарнамалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

Бағдарлама Ұйымдастырушысы болып **«ИНВИТРО-Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** табылады (БСН 001040000238, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050002, Алматы қ., Медеу ауданы, Қонаев к-сі, 32, 1 қабат. Мемлекеттік лицензия №16020288, «Алматы қаласы Әкімдігінің «Алматы қаласының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ҚММ 02.09.2016 жылы берген).

2.3.**Бағдарлама операторы (бұдан әрі – «Оператор»)** – Бағдарламаны басқару және дамыту бойынша айрықша құқықтарға ие, Бағдарлама шеңберінде бонустық балдарды жинақтау және тізімнен шығару бойынша барлық мәмілелердің тарабы болып табылатын заңды тұлға. Оператор келесі функцияларды орындай алады (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей): Бағдарламаға қызмет көрсету және дамыту.

Бағдарлама Операторы болып **«МедБиоФинанс» жауапкершілігі шектеулі қоғамы** табылады (орналасқан мекенжайы: 125047, Мәскеу қ., 4-ая Тверская-Ямская к-сі, 16 үй, 3 корп., НМТН 1117746163215, ЖСН 7710884371 ЕСК (КПП) 771001001).

2.4. **Бағдарлама серіктестері** —INVITRO тауар белгісін пайдалана отырып, INVITRO тауар белгісін пайдалануға айрықша емес қосалқы лицензияны сатып алу туралы қосалқы келісімдер бойынша сатып алынған құқықтар шеңберінде тұрғындарға медициналық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын және Бағдарламаға кірген, келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы заңды тұлғалар (бұдан әрі – «Серіктестер»):

2.4.1. Бағдарлама Қатысушылары тапсырыс берілген медициналық қызметтерге ақы төлеген жағдайда мұндай қызметтерді, Бағдарлама шеңберінде есептелетін бонустық балдарды қолдана отырып, медициналық кеңсенің прайс-парағында көрсетілген құн бойынша көрсетеді: Бағдарлама Қатысушыларына есептелген бонустық балдарды тапсырыс берілген медициналық қызметтер құнының есебіне есептейді;

2.4.2. Ұйымдастырушымен бірлесе отырып, нәтижесінде осы Серіктеспен, сондай-ақ басқа Серіктестермен және/немесе Бағдарлама Ұйымдастырушысымен есептелген бонустық балдарды шегеру жүргізілетін Бағдарламаға сәйкес маркетингілік шаралар өткізуге қатысады.

2.5. **Артықшылық** — Бағдарлама Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестерінің медициналық қызметтерді тиімді шарттармен сатып алу мүмкіндігі. Артықшылықтар кейінге қалдырылған жеңілдік әдісімен– бонустық балдарды Бағдарлама Қатысушысының бонустық шотына есептеу және Қатысушының бонустық балдарды Бағдарлама Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктесімен көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеген кезде кейінгі жұмсауы арқылы берілуі мүмкін.

2.6. **Медициналық қызметтер** – Бағдарлама Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестері көрсететін биологиялық материалды алу бойынша зертханалық диагностика қызметтері.

Бағдарлама Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестері өткізетін өзге қызметтер мен тауарларға осы Бағдарламаның қолданылуы таралмайды, соның ішінде бонустық балдар есептелмейді және өткізу кезінде шегерілмейді:

- ✓ биологиялық материал үлгілерін жинауға арналған контейнерлер,
- ✓ дәрігерлік медициналық қызметтер (қабылдау, манипуляциялар),
- ✓ рентгенология бойынша медициналық қызметтер: рентген, КТ, МРТ, маммография, денситометрия, ГСГ,
- ✓ ультрадыбыстық диагностика бойынша, эндоскопия бойыша медициналық қызметтер (гастроскопия, колоноскопия),
- ✓ функционалдық диагностика бойынша медициналық қызметтер (ЭКГ және т.б.),
- ✓ көшпелі медициналық қызмет (КМҚ) бригадасының үйге бару бойынша қызметтері,
- ✓ егер өзгесі нақты жарнамалық акция ережелерімен көзделмеген болса, жарнамалық акция шеңберінде немесе профиль құрамында көрсетілетін медициналық қызметтер.

2.7. **Бағдарлама Қатысушысы (бұдан әрі «Қатысушы»)** — Бағдарламаға Бағдарлама Қатысушысы ретінде тіркелген, жеке бонустық шоты мен Ұйымдастырушы Бағдарламаға осы Ережелереге сәйкес қатысуға жіберліген жеке тұлға. Қатысушының Бағдарламаға тіркелуі Бағдарламаға қатысу туралы офертаны (ұсынысты) акцептілеу сәтінде Қатысушының (немесе оның заңды өкілі/сенімхат бойынша өкілінің) Келісімге қол қоюы арқылы жүргізіледі.

2.8. **Қатысушының бонустық шоты (бонустық шоты, шот)** — Қатысушының белсенділігі мен оның Бағдарлама Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестерінен медициналық қызметтерді сатып алған кезіндегі Артықшылықтарды алуға, сондай-ақ Бағдарламаға көзделген өзге преференцияларды алуға құқықтар көлемін көрсететін, бонустық балдармен есептелетін сандық көрсеткіштердің жиынтығы топтастырылатын Қатысушы шоты.

2.9. **Бонустық балл (бонус)** — Оператордың Қатысушының бонустық шотына Бағдарлама Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестерінің медициналық кеңселерінде соңғысы медициналық қызметтерге тапсырыс берген және ақы төлеген жағдайында, сондай-ақ осы Ережелермен көзделген өзге негіздер бойынша есептейтін шартты есептік бірлік. Бағдарламаға сәйкес есептелген және шегерілген бонустық балдардың саны Қатысушының әрекеттерімен Бағдарламаға сәйкес айқындалады.

Бонустық баллдар Қатысушыға өзі тапсырыс берген медициналық қызметтердің ақысын төлерде медициналық қызметтердің құнының 90% дейін, бірақ 50 000 бонустық баллдан артық емес мөлшерде бір медициналық қызметті сатып алудың шегінде төлемақы ретінде есептесуге мүмкіндік береді .

Медициналық қызметтер үшін төленетін сомасының қалдығын Қатысушы ақшалай қаражатпен төлейді.

Бонустық баллдарды балама ретінде қолма-қол ақшалай қаражатпен төлеуге Бағдарламада тыйым салынады.

2.10. **Активті бонустық баланс** — медициналық қызметтерге тапсырысты ресімдеу немесе медициналық қызметтердің ақысын төлеу кезінде Қатысушының бонустық шотында бар, Бағдарламамен алынатын Артықшылықтардың санын белгілеуге қатысатын бонустық баллдардың саны.

2.11. **Келісім** — пациенттің «ИНВИТРО бонус» бағдарламасына қатысуға Ақпараттық келісімі немесе пациенттің ата-анасының әлде заңды өкілінің «ИНВИТРО бонус» бағдарламасына қатысуға Ақпараттық келісімі, оны Ұйымдастырушы және/немесе Серіктес жеке тұлғаға дербес құжат ретінде табыстайды, жеке тұлға оны толтырып, қолтаңбасын қойған жағдайда, аталған тұлға өзінің Бағдарламаның қатысушысы болуға ниетін әрі осы Ережелерді ұстануға келісімін растайды.

2.12. **Хабарлама** — Қатысушыға Келісімде көрсетілген байланыстың бір немесе бірнеше құралы (тәсілі) арқылы табысталатын, оның ішінде жарнамалық мазмұндағы мәлімет: мобильдік телефонмен, үй телефонымен, e-mail, почта мекенжайы арқылы немесе өзге тәсілдермен.

2.13. **Бағдарлама Ұйымдастырушының және/немесе Серіктесінің медициналық офисі («ИНВИТРОның медициналық офистері»)** – Бағдарламаға қатысатын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган берген медициналық қызметтерді көрсетуге лицензияға сай медициналық қызметтерді көрсететін Ұйымдастырушының және/немесе Серіктесінің медициналық офисі.

2.14. **«ИНВИТРО жеке кабинеті» сервисі (енді - «Жеке кабинет», «ЖК»)** — егер пациент Бағдарламаның Қатысушысы болса, жеке тұлғаларға (Ұйымдастырушының және/немесе Серіктестің пациенттеріне) өзгелердің қатарында медициналық қызметтердің нәтижелеріне, тапсырыстардың тарихына, активті бонустық балансқа қолжетімділікті, медициналық қызметтерге ерте бастан тапсырыс беру сервисінежәне

(техникалық мүмкіндік бар болса) медициналық қызметтердің ағысын бонустық баллдармен төлеу мүмкіндіктерін ұсынатын сервис.

2.15. **Жеке кабинетті пайдаланушы** — сәйкестендіру деректері бар,оның ішінде өзіне қатысты медициналық қызметтердің нәтижелері туралы мәліметтерді алу мақсатымен Жеке кабинетке қолжетімділікті сервистің құрал-саймандарын қолдана отырып орындайтын жеке тұлға, аталған сервис өзгелермен қатар ИНВИТРО Медициналық офистерінің мекенжайларын, медициналық қызметтердің және олардың ақыларының тізбесін, сондай-ақ егер Жеке кабинетті пайдаланушы Бағдарламаның Қатысушысы болып табылса, активті бонустық балансты, сонымен қатар медициналық қызметтерге ерте бастан тапсырыс беретін кезде (техникалық мүмкіндіктер бар жағдайда) ақысын бонустық баллдармен төлеу мүмкіндіктерін ұсынады.

2.16. **Қатысушының статусы** - Қатысушыға Бағдарламаның Ережелеріне сай берілетін Артықшылықтардың көлемімен белгіленеді, Бағдарламаның Қатысушысына бонустық баллдарды жинап, жұмсауға, Бағдарламаның Ережелеріне сай артықшылықтарды алуға, Оператор үшін бонустық баллдардың қоса есептелу және/немесе есептен шығарылу барысы туралы мәлімет алып отыруға мүмкіндік береді.

3. Бағдарламаға қатысу

3.1. Бағдарламаға Қазақстан Республикасы аумағында тұратын кәмелетке толған жеке тұлғалар, сондай-ақ ата-аналарының немесе кәмелетке толмағанның заңды өкілі статусын растайтын құжаттарын ұсынған заңды өкілінің міндетті түрде қатысуымен кәмелетке толмағандар мүше бола алады.

3.2. Бағдарламаға қосылу үшін жеке тұлға келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

3.2.1. ИНВИТРО медициналық офисімен хабарласып/келіп, медициналық қызметтерге тапсырыс береді.

3.2.2. Тапсырыс берген медициналық қызметтердің ақысын төлейді.

3.2.3. Медициналық қызметтерге тапсырысты ресімдеу кезінде Келісімге қолтаңбасын қойып, оны ИНВИТРО медициналық офисінің әкімшісіне табыстайды.

3.3. Бағдарламаға сай қоса есептелінген бір бонустық балл медициналық қызметтер үшін төлерде бір теңгеге тең болады. Көрсетілетін медициналық қызметтердің (тапсырыстың) ақысын толығымен төлеген соң 24 сағаттан кейін бонустық баллдарды медициналық қызметтердің есебі үшін есептен шығару мүмкін болады.

3.4. Бір жеке тұлғаға Бағдарламаның шегінде тек қана бір бонустық шот ресімделе алады.

3.5. Бонустық баллдар Бағдарламаның Қатысушысының есп-шотына Бағдарламаның Ережелерінде белгіленген мөлшерде медициналық қызметтердің ақысын төлерде қосып есептелінеді.

3.6. Бонустық баллдар Бағдарламаны Ұыймдастырушының және/немесе Серіктестерінің медициналық қызметтерінің ақысын төлерде бонустық баллдарды есепке алу тәсілімен тапсырыс берілген медициналық қызметтердің құқының бір бөлігі есебіне осы Ережелерге сәйкес есептен шығарылады.

3.7. Бағдарламаға Қатысушы өзі Келісімде көрсеткен деректемелердің өзгергені туралы кідірместен жазбаша түрде Бағдарламаны Ұйымдастырушыға хабарлауы тиіс.

3.8. Ұйымдастырушы кез-келген Қатысушының Бағдарламаға мүшелігін, келесі жағдайларды қосқанда, бірақ олармен шектелместен, кез-келген себеппен және ескертусіз тоқтатуға құқылы:

3.8.1. Осы Ережелерді ұстанбаса;

3.8.2. Қатысушыға Бағдарламаның шегінде берілген қайсыбір Артықшылықтарды пайдаланарда шектен шықса;

3.8.3. Бағдарламаны Ұйымдастырушыға немесе Серіктесіне жаңылыстыратын ақпаратты немесе күмәнді мәліметтерді беретін болса;

3.8.4. Медициналық қызметтерге соңғы тапсырыс берген күнінен 36 (отыз алты) ай ішінде, Бағдарламаға «VIP» немесе «Платиналық» статусы бар Қатысушылар үшін - медициналық қызметтерге соңғы тапсырыс берген күнінен 120 (бір жүз жиырма) ай ішінде медициналық қызметтерді сатып алудың мәмілелерін іске асырмаса.

3.9. Бонустық шот бойынша жүргізілген операциялардың заңдылығына қатысты күдік-күмән туындаса, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Бағдарламаға Қатысушының шотын мән-жайлар анықталған сәтке дейін бұғаттауға құқылы.

3.10. Қатысушы Бағдарламаға мүше болудан кез-келген сәтте бас тартуға құқылы.

Бағдарламаға мүше болудан бас тарту үшін Қатысушы Бағдарламаны Ұйымдастырушының және/немесе Серіктестің ИНВИТРО медициналық офисімен хабарласып/келіп, онда Бағдарламаға қатысудан жазбаша бас тартуына Ұйымдастырушы белгілеген нысанда (формада) қолтаңбасын қойып, жеке тұлғаныс куәландыратын құжатын көрсетуі тиіс.

3.11. Қатысушының Бағдарламаға мүше болудан бас тарту құқы Қатысушы Ұйымдастырушының белгілеген нысанында (формасында) белгіленген талаптарды орындаған және Қатысушы жеке тұлғаныс куәландыратын

құжатын көрсеткен жағдайда күшіне енеді. Бағдарламаны Ұйымдастырушы және/немесе Серіктесі Қатысушы нысандағы талаптарды және нысанды ұсыну жосығын бұзған жағдайда, бас тартуын қабылдамауға құқылы.

3.12. Жиналған бонустық баллдар туралы деректер Жеке кабинетте, сондай-ақ техникалық мүмкіндіктер бар жағдайда ИНВИТРО медициналық офисінің кассалық (ақпараттық) чегінде көрсетіледі. Егер Қатысушы кассалық чектегі деректердің іс жүзіндегі деректермен сәйкессіздігін байқаса (ТАЖ дұрыс көрсетілмесе, қателік туралы хабарланса, т.б.), Қатысушы сәйкессіздікті анықтаған сәттен 24 сағаттан кешіктірмей ол туралы 2 585 888 (Алматы үшін), 585 888 (Қазақстан Республикасының өзге қалалары үшін) немесе ИНВИТРО медициналық офисінің әкімшісіне хабарлауы тиіс.

3.13.Бағдарламаға қатысу Ұйымдастырушының (Ережелердің 3.8-т.) немесе Қатысушының (Ережелердің 3.10-т.) бастамасымен толтатылса, сондай-ақ медициналық қызметтерге соңғы тапсырыс берілген сәттен 36 (отыз алты) ай өтсе (осы Ережелерде тікелей өзге талаптар көзделген жағдайлардан басқа), Бағдарламаға бұрынғы бейілді Қатысушы туралы деректеме Бағдарламаның ақпараттық жүйесінде бұғатталып, Қатысушының бонустық баллдарының күші жойылады.

3.14. Бағдарламаның Ережелеріне келісімін берген Қатысушы Оператордан және Ұйымдастырушыдан осы Ережелерде көзделген Хабарламаларды алып отыруға келісімін береді, бірақ жарнамалық мазмұнды хабарламаларды алудан келесі әдістермен бас тарту құқын өзіне қалдырады:

3.14.1. Хабарламаларды алудан жазбаша түрдегі бас тартуын infokz@invitro.kzадресіне жолдайды;
3.14.2. Хабарламаларды алудан ауызша түрдегі бас тартуын Ережелердің 3.12-т. көрсетілген телефондар арқылы, www.invitro.kz сайты арқылы (әрбір қала үшін) арқылы немесе ИНВИТРО медициналық офисінде беруіне/табыстауына болады;
3.14.3. www.invitro.kz сайтындағы Жеке кабинеті арқылы.

3.15. Арнайы жарнамалық акциялардың шегінде орындалатын медициналық қызметтерге тапсырыстың ақысын төлерде, бонустық баллдарды қосып есептеу орындалмайды, егер өткізілетін жарнамалық акциялардың Ережелерінде өзге жағдайлар көзделмесе.

3.16. Егер техникалық себептермен бонустық шотпен операциялар онлайн режимде қолжетімсіз болса, бонустық шотты бонустық баллдарды есептен шығару үшін пайдалануға рұқсат берілмейді. Бонустық шот есеп айырысу құралы болып табылмайды. Бонустық баллдардың қолма-қол ақшаның күші мен ақшалай құны болмайды. Күші жойылған бонустық баллдар қалпына келтірілмейді.

3.17. Қатысушының бонустық шоты Бағдарламаның күшінде болу мерзімінде күшінде болады немесе осы Ережелерге сәйкес Қатысушының бонустық шотының күшінің тоқтатылатын өзге кез-келген күніне дейін күшінде болады.

3.18. Бағдарламаға Қатысушының «Күміс», «Алтын» және «Әлеуметтік» статусы бар бонустық шоттары егер Бағдарламаға Қатысушы медициналық қызметтерге соңғы тапсырыс берген күнінен 36 (отыз алты) ай ішінде медициналық қызметтерді сатып алу мәмілелерін іске асырмаған болса бұғатталады, мұнда соңғы тапсырысты берген күні есепке алынбайды. Бағдарламаға Қатысушының «VIP» және «Платиналық» статусы бар бонустық шоттары егер Бағдарламаға Қатысушы медициналық қызметтерге соңғы тапсырыс берген күнінен 120 (бір жүз жиырма) ай ішінде медициналық қызметтерді сатып алу мәмілелерін іске асырмаған болса бұғатталады.

3.19. Бағдарламаға Қатысушының статусы/бонустық шоты барлық ИНВИТРО медициналық офистерінде күшінде болады, олардың тізбесі www.invitro.kz сайтында орналастырылған. Бағдарламаға кез-келген өзгертулер, Бағдарламаны Ұйымдастырушы/Операторы оларды күшіне енгізген сәттен Қатысушы үшін міндетті болады, Қатысушы Ережелердегі өзгерістерді өздігінен www.invitro.kzсайтынан бақылап жүреді.

4. Бағдарламаға Қатысушының статусы

Бағдарламаның шегінде Қатысушылар үшін келесідей Статустар көзделген:

4.1. **«Күміс».**

Осы статус Қатысушыға Бағдарламаға мүше болған сәтінде беріледі және Қатысушы медициналық қызметтерге тапсырыстарын ақшалай қаражатпен төлеген сомасы 20 000 (жиырма мың) теңгеден асқан сәтке дейін күшінде болады.

Базалық бонустық балдың «Күміс» статусы үшін ең үлкен мөлшері зертханалық диагностиканың медициналық қызметтеріне тапсырыстың және/немесе Бағдарламаға Қатысушы ақшалай қаражатпен төлеген биологиялық материалдың үлгілерін алу қызметтерінің жалпы құнының 5% құрайды.

Базалық бонустық баллдарды қосып есептеу тәртібі осы Ережелердің 5.1, 5.2, 5.3.1 тармақтарында белгіленген.

Бағдарламаға «Күміс» статусы бар Қатысушының базалық бонустық баллдарының күшінде болуы мерзімі оларды қосып есептеген сәттен 2 (екі) жылды құрайды.

Бағдарламаға «Күміс» статусы бар Қатысушыға қосымша, акциялық, жоралғы және сияпат бонустары осы Ережелердің 5.3.2 – 5.3.6 тармақтарында белгіленген тәртіппен және талаптармен беріледі.

4.2. **«Алтын».**

Осы статус Қатысушыға егер ол Бағдарламаға мүше болған сәттен ақшалай қаражатпен төлеген медициналық қызметтерге тапсырыстың жалпы сомасы 20 000 (жиырма мың) теңгеден асып түскен жағдайда автоматты түрде беріледі.

Базалық бонустық балдың «Алтын» статусы үшін ең үлкен мөлшері зертханалық диагностиканың медициналық қызметтеріне тапсырыстың және/немесе Бағдарламаға Қатысушы ақшалай қаражатпен төлеген биологиялық материалдың үлгілерін алу қызметтерінің жалпы құнының 10% құрайды.

Базалық бонустық баллдарды қосып есептеу тәртібі осы Ережелердің 5.1, 5.2, 5.3.1 тармақтарында белгіленген.

Бағдарламаға «Алтын» статусы бар Қатысушының базалық бонустық баллдарының күшінде болуы мерзімі оларды қосып есептеген сәттен 2 (екі) жылды құрайды.

Бағдарламаға «Алтын» статусы бар Қатысушыға қосымша, акциялық, жоралғы және сияпат бонустары осы Ережелердің 5.3.2 – 5.3.6 тармақтарында белгіленген тәртіппен және талаптармен беріледі.

4.3. **«Әлеуметтік».**

Осы статус келесі тұлғаларға беріледі: зейнеткерлер, кәмелетке толған, I және II-топтағы мүгедектер, мүгедек балалар, тумысынан мүгедектер, көп балалы отбасылардың мүшелері, жалғызілікті аналарға (әкелерге), ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген тиісінше құжаттар ұсынылуы тиіс.

Базалық бонустық балдың «Әлеуметтік» статусы үшін ең үлкен мөлшері зертханалық диагностиканың медициналық қызметтеріне тапсырыстың және/немесе Бағдарламаға Қатысушы ақшалай қаражатпен төлеген биологиялық материалдың үлгілерін алу қызметтерінің жалпы құнының 10% құрайды.

Базалық бонустық баллдарды қосып есептеу тәртібі осы Ережелердің 5.1, 5.2, 5.3.1 тармақтарында белгіленген.

Бағдарламаға «Әлеуметтік» статусы бар Қатысушының базалық бонустық баллдарының күшінде болуы мерзімі оларды қосып есептеген сәттен 2 (екі) жылды құрайды.

Бағдарламаға «Әлеуметтік» статусы бар Қатысушыға қосымша, акциялық, жоралғы және сияпат бонустары осы Ережелердің 5.3.2 – 5.3.6 тармақтарында белгіленген тәртіппен және талаптармен беріледі.

4.4. **«Платиналық».**

Осы статус Қатысушыға «ИНВИТРО-Казахстан» ЖШСнің пациенттерінің 01.07.2017ж дейін күшінде болған бейілділік Бағдарламасының шегінде берілген статус болып табылады.

Бұл статус Бағдарламаға Қатысушыларға 01.07.2017ж кеін берілмейді.

Базалық бонустық балдың «Платиналық» статусы үшін ең үлкен мөлшері зертханалық диагностиканың медициналық қызметтеріне тапсырыстың және/немесе Бағдарламаға Қатысушы ақшалай қаражатпен төлеген биологиялық материалдың үлгілерін алу қызметтерінің жалпы құнының 10% құрайды.

Базалық бонустық баллдарды қосып есептеу тәртібі осы Ережелердің 5.1, 5.2, 5.3.1 тармақтарында белгіленген.

Бағдарламаға «Платиналық» статусы бар Қатысушыға қосып есептелінген базалық бонустық баллдардың күшінде болу мерзімі есептелінген сәттен 10 (он) жылды құрайды.

Бағдарламаға «Платиналық» статусы бар Қатысушыға қосымша, акциялық, жоралғы және сияпат бонустары осы Ережелердің 5.3.2 – 5.3.6 тармақтарында белгіленген тәртіппен және талаптармен беріледі.

4.5. **«VIP».**

Осы статус Бағдарламаға Қатысушыға дербес түрде Ұйымдастырушының ұйғарымымен берледі.

Базалық бонустық балдың «VIP» статусы үшін ең үлкен мөлшері зертханалық диагностиканың медициналық қызметтеріне тапсырыстың және/немесе Бағдарламаға Қатысушы ақшалай қаражатпен төлеген биологиялық материалдың үлгілерін алу қызметтерінің жалпы құнының 20% құрайды.

Базалық бонустық баллдарды қосып есептеу тәртібі осы Ережелердің 5.1, 5.2, 5.3.1 тармақтарында белгіленген.

Бағдарламаға «VIP» статусы бар Қатысушыға қосып есептелінген базалық бонустық баллдардың күшінде болу мерзімі есептелінген сәттен 10 (он) жылды құрайды.

Бағдарламаға «VIP» статусы бар Қатысушыға осы Ережелердің 5.3.2 тармағында көзделген қосымша бонустар ұсынылмайды.

Акциялық, жоралғы және сияпат бонустары Бағдарламаға «VIP» статусы бар Қатысушыға осы Ережелердің 5.3.3 – 5.3.6 тармақтарында көзделген тәртіппен және талаптармен ұсынылады.

4.6. «Күміс», «Алтын», «VIP» статустары Бағдарламаға «Әлеуметтік» статусы бар Қатысушыларға, сондай-ақ медициналық қызметтерді Бағдарламаны Ұйымдастырушыдан немесе Серіктесінен ҰОС ардагерлеріне, ҰОС мүгедектеріне және Қазақстан Республикасының 28.04.1995ж №2247 «Ұлы Отан соғысы қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғалуы туралы» Заңына сәйкес оларға теңестірілгендерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген тиісінше куәлігін ұсынғанда еңбек ардагерлеріне жеңілдіктер ұсынылған тұлғаларға берілмейді.

5. Бонустық баллдарды қосып есептеу

5.1. Бонустық баллдар Қатысушының бонустық шотына ол Бағдарламаны Ұйымдастырушыға және/немесе Серіктесіне Бағдарламаның шегінде бонустық баллдарды қосып есептеу жүргізілетін, өзінің тапсырысын берген медициналық қызметтергдің ақысын толық төлеген жағдайда қосып есептелінеді. Бонустық баллдар сондай-ақ Бағдарламаға Қатысушының бонустық шотына Бағдарламаның Операторы және/немесе Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестері ұйымдастыратын жарнамалық акциялардың немесе ынталандыру бағдарлама шегінде қосып етептелінуі мүмкін. Оператор белгіленген медициналық қызметтердіің тізбесін және Қатысушыға берілген Артықшылықтың мөлшерін (тапсырыс сомасының процентіі) Қатысушы осындай медициналық қызметтердің тапсырысының ақысын төлерде белгілейді.

5.2. Бонустық баллдар Бағдарламаға Қатысушының бонустық шотына медициналық қызметтердің ақысын төлерде Бағдарламаға Қатысушының статусына және Бағдарламаныңталаптарына сай тапсырыстың сомасы 100 теңгеден асады деген талаппен қосып есептелінеді.

5.3. Бағдарламаның шегінде Қатысушының бонустық шотына базалық, қосымша, акциялық, жоралғы және сияпат бонустарын қосып есептеу көзделген:

5.3.1. **Базалық бонус** Қатысушының статусына тәуелді және келесі тапсырыс ерілген медициналық қызметтердің жалпы сомасына қарай қосып есептелінеді: Бағдарламаға Қатысушы ақысын ақшалай қаражатпен төлеген зертханалық диагностика қызметтері, биологиялық материалдың үлгілерін алу қызметтері.

Базалық бонустық баллдың ең үлкен мөлшері келесідей:

- ✓ Бағдарламаға «Күміс» статусы бар Қатысушыға - 5%;
- ✓ Бағдарламаға «Алтын» статусы бар Қатысушыға - 10%;
- ✓ Бағдарламаға «Платиналық» статусы бар Қатысушыға - 10%
- ✓ Бағдарламаға «Әлеуметтік» статусы бар Қатысушыға - 10%,
- ✓ Бағдарламаға «VIP» статусы бар Қатысушыға - 20%.

Базалық бонустық баллдар Бағдарламаға Қатысушыға оо ақысын ақшалай қаражатпен төлеп, тапсырыс берген медициналық қызметтердің сомасына қарай қосып есептелінеді, оған келесі жағдайлар кірмейді:

- ✓ биологиялық материалды жинауға арналған контейнерлер;
- ✓ жылжымалы медициналық қызметке (ЖМҚ) тапсырыс/шақыру;
- ✓ жарнамалық акцияның немесе профильдің құрамында ұйымдастырылатын медициналық қызметтер (егер өзге жағдайлар нақты акцияның ережелерінде көзделмесе);
- ✓ Осы Ережелердің 2.6 тармағында көрсетілген, осы Бағдарламаның күші жүрмейтін өзге қызметтер.

5.3.2. **Қосымша бонус** чектың жалпы сомасына қарай қосып есептелінеді:

- ✓ қызметтерді біруақытта 30 000 - 59 999 теңге сомаға сатып алса – 1 500 бонус,
  қызметтерді біруақытта 60 000 теңгеден асатын сомаға сатып алса - 4 000 бонус.

Қосымша бонустық баллдардың күшінде болу мерзімі оларды қосып есептеген сәттен - 2 жыл.

Қосымша бонус Бағдарлама «VIP» статусы бар Қатысушылары болып табылатын пациенттерге қосып есептелінбейді.

5.3.3. **Акциялық бонус** Бағдарлама Операторы, Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктесі тиісті акцияны ұйымдастырудың ережелеріне сай қосып есептелінеді. Акциялық бонустық баллдардың күшінде болу мерзімі тиісті акцияны ұйымдастыру ережелеріне сай белгіленеді.

5.3.4. **Жоралғы бонус** Бағдарламаға алғаш қосылған Пациенттерге қосып есептелінеді, мөлшері 500 (бес жүз) бонустық балл, күшінде болу мерзімі - қосып есептелінген сәттен 1 жыл.

5.3.5. **Туылған күніне Сияпат бонусы** Бағдарламаға Қатысушыларға автоматты түрде, 2 000 (екі мың) бонустық балл мөлшерінде қосып есептелінеді, күшінде болу мерзімі - қосып есептелінген сәттен 3 ай.

5.3.6. **Әрбір төртінші тапсырысқа Сияпат бонус** автоматты түрде Бағдарламаға Қатысушыға 500 (бес жүз) бонустық балл мөлшерінде қосып есептелінеді, күшінде болу мерзімі - қосып есептелінген сәттен 1 жыл.

5.4. Бонустық баллдар Қатысушы тапсырыс берген медициналық қызметтерінің ақысын төлеген сәттен Қатысушының бонустық шотына активті емес күйде қосып есептелінеді. Аталған бонустық баллдарды тапсырыстың ақысын төлеген сәттен 24 сағат ішінде есептен шығаруға болады.

5.5. Медициналық қызметтерге бір тапсырыс үшін бонустық баллдар Қатысушының Бағдарламаның шегінде ресімделген бір ғана бонустық шотына қосып есептелінеді.

5.6. Бағдарламаға кәмелетке толған Қатысушының кәмелетке толмаған Бағдарламаға Қатысушының пайдасына тапсырыс берген, орындалған және ақысы төленген медициналық қызметтерге үшін бонустық баллдар Бағдарламаға кәмелетке толған Қатысушының бонустық шотына ғана қосып есептелінеді.

5.7. Егер тапсырыс берілген медициналық қызметтердің ақысының бір бөлігінің құны бонустық баллдармен өтелсе, онда бонустық баллдар ақшалай қаражатпен төленген тапсырыс берілген медициналық қызметтердің бөлігіне ғана қосып есептелінеді. Оған Бағдарламаның жекелеген жарнамалық акциялары ғана кірмейді.

5.8. Оператор Қатысушы тапсырыс берген медициналық қызметтер үшін бонустық баллдарды қосып есептеу мәселесін өздігінен шешеді. Бағдарламаның қолданыстағы Ережелері www.invitro.kz сайтында және Оператордың және/немесе Бағдарлама Ұйымдастырушысының, сондай-ақ Серіктесінің жарнамалық бұйымдарында орналастыралады. Бағдарламаның Ережелерімен Бағдарламаға Қатысушы сондай-ақИНВИТРО медициналық офистерінде таныса алады.

5.9. Қатысушыға ұсынылған бонустық баллдарды және құқыларды осы Ережелерге сәйкес қана өзге сатуға, табыстауға немесе пайдалануға рұқсат.

5.10. Бонустық баллдар Бағдарламаның Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестері жеңілдіктермен немесе төмендетілген бағамен (мысалы, жарнамалық акциялармен) ұсынылатын медициналық қызметтерге қосып есептелінбейді. Бағдарламаның Ұйымдастырушысы және/немесе Серіктестері жеңілдіктермен немесе төмендетілген бағамен ұсынатын медициналық қызметтердің тізбесі www.invitro.kz сайтында орналастырылады, сондай-ақ Қатысушыға ИНВИТРО медициналық офисімен хабарласқанда ұсынылады.

6. Бонустық баллдарды есептен шығару

6.1. Өзінің Бонустық шотында бонустық баллдарды жинаған Қатысушы осы Ережелерге сәйкес Қатысушының бонустық шотынан бонустық баллдарды біруақытта есептен шығарумен Артықшылықты алуына құқылы.

6.2. Қатысушының бонустық шотынан бонустық баллдарды біруақытта есептен шығарумен Артықшылықтарды алу Қатысушы бонустық баллдар қосып есептелінген тапсырысының ақысын төлеген сәттен жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей қолжетімді болады.

6.3. Артықшылықтарды Бағдарламаға Қатысушы жинаған бонустық баллдарды Бағдарламаға Қатысушы тапсырыс берген медициналық қызметтердің ақысын төлеу есебінен есепке қосу мүмкіндігімен алу осы Бағдарламаның 2.6-тармағында көрсетілген осы Бағдарламаның күші қолданылатын медициналық қызметтерге қатысты ғана қолданылуы мүмкін.

Бонустық баллдарды Бағдарламаға Қатысушы тапсырыс берген медициналық қызметтердің ақысы есебінен есепке қосу кезінде 1 бонустық балл 1 теңгеге тең.

6.4. Егер Қатысушы Келісімге қолтаңбасын қоймаса немесе Келісімді қате толтырса, Артықшылықтарды Қатысушының бонустық шотынан бонустық баллдарды біруақытта еептен шығарумен алу Келісім дұрыс ресімделгшен сәттен бастап қолжетімді болады. Бағдарламаға Қатысушы статусы Келісім тиісінше ресімделген тұлғаларға беруге тыйым салынады.

6.5. Бонустық баллдарды есептен шығару үшін Қатысушы ИНВИТРО медициналық офисінің әкімшісіне медициналық қызметті сатып алу Бағдарламаның шегінде іске асырылатынын және бонустық баллдарды сатып алынатын медициналық қызметтердің есебінен құны тапсырыс берілген медициналық қызметтердің 90% және бір операция үшін 50 000 (елу мың) бонустық баллдан аса алмайтын бонустық баллдарды есепке қосу туралы ниетін хабарлап, білдіруі тиіс.

6.6. Бонустық баллдардың белгіленген Қатысушының бонустық шотынан Артықшылықты беру алдын есептен шығарылады, бұл ретте бірінші кезекте осыдан алдын қосып есептелінген бонустық баллдар есептен шығарылады.

6.7. Қатысушының Артықшылықты алу үшін пайдаланбаған бонустық баллдар осы Ережелерде белгіленген мерзім аяқталған соң, күші тоқтаған деп есептелініп, қарсылықтарды ескерусіз жойылады.

6.8. Бонустық баллдарды пайдалан отырып, медициналық қызметтерді олардың құнының бір бөлігін бонустық баллдарды есепке қосу тәсілімен пайдалануға болады. Бонустық баллдарды тапсырыс берілген медициналық қызметтердің есебіне есептен шығарған соң, медициналық қызметтің қалған құны ақшалай қаражатпен немесе төлем картасын пайдаланумен аудару арқылы және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге тәсілдермен төленуі тиіс.

6.9. Бағдарламаға Қатысушы үшін бонустық баллдарды есептен шығарудың екі тәсілі қолжетімді:

6.9.1. Бір сатып алу кезінде рұқсат етілетін бонустық баллдарды есептен шығарудың ең үлкен мөлшері тапсырыс берілген медициналық қызметтердің құнының – 90%, бірақ 50 000 бонустық баллдан көп емес.

6.9.2. Бонустық баллдардың белгілі-бір мөлшерін Қатысушының қалауымен есептен шығару.

6.10. Қатысушы бонустық баллдарды өзінің бонустық шотынан есептен шығаруда тәулігіне төрт операцияны ғана іске асыра алады.

6.11. Бонустық баллдарды Бағдарламаға Қатысушы тапсырыс берген медициналық қызметтердің ақысына есептен шығару Бағдарламаға Қатысушының активті бонустық шотынан ғана іске асырылады . Егер Бағдарламаға Қатысушының бонустық шоты қайсыбір себептермен бұғатталған болса, бонустық баллдарды есептен шығару мүмкін болмайды.

6.12. Бонустық баллдарды Бағдарламаға Қатысушы тапсырыс берген медициналық қызметтердің ақысына есептен шығару ИНВИТРО медициналық офисінде тиісті техникалық мүмкіндік бар жағдайда ғана іске асырылады. Егер техникалық себептермен бонустық шотпен операциялар онлайн режимде қолжетімсіз болса, бонустық баллдарды тапсырыс беру кезінде пайдалануға рұқсат берілмейді.

7. Бонустық баллдарды бір тараптан есептен шығару

7.1. Бағдарлама Операторы өз тарапынан, Қатысушының келісімін алмай оның бонустық шотынан бонустық баллдарды келесі жағдайларда есептен шығара алады:

7.1.1. Бонустық баллдар Қатысушының бонустық шотына қатемен қосылып есептелінсе. Бұл ретте Оператор қатемен қосып есептелінген бонустық баллдарға тең мөлшердегі бонустық баллдарды есептен шығарады;

7.1.2. Қатысушыға бұдан алдын біруақытта бонустық баллдарды қоса есептеумен сатып алынған, бірақ көрсетілмеген медициналық қызметтің ақысы қайтарылса.

7.2. Егер Қатысушының бонустық шотындағы бонустық баллдардың сомасы жоғарыда аталған негіздемелердің бірімен есептен шығарылуы тиіс бонустық баллдардың сомасынан аз болса, Бағдарламаның Операторы Қатысушының бонустық шотындағы барлық бонустық баллдарды есептен шығарады. Есептен шығарылуы тиіс бонустық баллдардың қалған бөлігін Оператор Қатысушының бонустық шотынан оған жаңа бонустық баллдар қосып есептеліген кезде, есептен шығарылуы тиіс барлық бонустық баллдар есептен шығарылған сәтке дейін есептен шығарып отырады.

8. Қайтару

8.1. Бонустық баллдарды пайдаланумен төленген, бірақ көрсетілмеген медициналық қызметтің ақшалай қаражаттарын қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен іске асырылады.

8.2. Медициналық қызметтердің ақысын төлерде қосып есептелінген бонустық баллдар қайтару кезінде Қатысушының бонустық шотынан есептен шығарылады.

8.3. Медициналық қызметтердің ақысын төлерде есептен шығарылған бонустық баллдар қайтару кезінде Қатысушының бонустық шотына қосып есептелінеді.

9. Кассалық құжат

Бонустық шотпен операциядан кейін Қатысушыға ИНВИТРО медициналық офисінде техникалық мүмкіндіктер бар болса, құжат беріледі (кассалық чек, ақпараттық, т.б.),онда көрсетіледі: тапсырыстың дербес номері (ТДН), операцияның сомасы, түрі, және, техникалық мүмкіндіктер бар жағдайда активті және активтеуді күтіп тұрған бонустық баллдардың мөлшері.

10. Күшінде болу мерзімі:

10.1. Бағдарламаның күшінде болу мерзімі шектелмеген.

10.2. Бағдарламаны Ұйымдастырушы Қатысушыға Бағдарламаның тоқтатылуы туралы келесі әдіспен хабарлайды:

10.1.1. Бағдарламаның тоқтатылуы және Бағдарламаны тоқтату уақыты туралы ИНВИТРО медициналық офистерінде хабарламаны орналастырады;

10.1.2. Бағдарламаның тоқтатылуы және Бағдарламаны тоқтату уақыты туралы www.invitro.kz сайтында хабарламаны орналастырады; .

10.3. Бағдарламаның күшін тоқтау кезінде Бағдарламаға Қатысушы қолжетімді коммуникациялар арқылы хабарламаны алған сәттен отыз күнтізбелік күн ішінде медициналық қызметтерге ИНВИТРО медициналық офистерінде тапсырыс беріп, жиналған бонустық баллдарды есептен шығаруға құқылы. Керісінше жағдайда жиналған бонустық баллдардың қалдығы жойылады.

10.4. Қатысушының Бағдарламаға мүше болуы келесі жағдайларда тоқтатылады (Қатысушы Бағдарламадан шығарылады):

10.4.1. Қатысушыа Бағдарламаға қатысудан осы Ережелерде белгіленген тәртіппен бас тартса;
10.4.2. Бағдарламаның күші тоқтатылса;
10.4.3. Қатысушы осы Ережелерді бұзса.

10.5. Қатысушының Бағдарламаға мүше болуы келесі жағдайларда тоқтатылады (Қатысушы Бағдарламадан шығарылады):

10.5.1. Қатысушы Бағдарламаға қатысудан бас тартса — ҚатысушыныңБағдарламаның нысанына және ұсыну жосығына қойылатын тиісті талаптарын орындаған Бағдарламаға қатысудан жазбаша түрдегі бас тартуы Бағдарламаның Ұйымдастырушына немесе Серіктесіне табысталған сәттен 10 (он) жұмыс күні ішінде;
10.5.2. Бағдарламаның күші тоқтатылса — Бағдарламаның күші тоқтатылған күні;
10.5.3. Қатысушы осы Ережелерді бұзса – Ұйымдастырушы Қатысушының Бағдарламада мүшелігін тоқтату туралы шешімді қабылдаған сәттен бастап.

10.6. Қатысушының Бағдарламаға мүшелігінің тоқтатылуы Қатысушыға ашылған бонустық шоттың жабылауына жетелейді. Қатысушы өзінің бонустық шотындағы бонустық баллдарды пайдалану құқынан айрылады, оның бонустық шоты бұғатталады, бонустық баллдар жойылады.

11. Коммуникациялар

11.1. Бағдарлама туралы мәліметтержі Қатысушы 2 585 888 (Алматы үшін), 585 888 (Қазақстан Республикасының өзге қалалары үшін) телефондары арқылы, сондай-ақа барлық ИНВИТРО медициналық офистерінде және www.invitro.kz сайтында ала алады.

11.2. Жеке кабинетте тіркелген соң, Қатысушы www.invitro.kz сайтының «Артықшылық» бағдарламасы» тарауында:

11.2.1. бонустық баллдардың қозғалысы туралы мәлімет ала алады;
11.2.2. Бағдарламаға қатыс ты дербес ұсынымдарды ала алады;
11.2.3. Бонустық баллдарды өзге маркетингтік іс-шаралардың (сауалнамалар, аукциондар, т.б.) арқылы толтырып отыра алады.

12. Өзге талаптар

12.1. Бағдарлама Операторы өз қалауымен осы Ережелерге кез-келген өзгертулерді кез-келген уақытта енгізе алады. Аталған өзгертулер туралы мәліметтер www.invitro.kz сайтында орналастырылады.

12.2. Бағдарлама Операторы бонустық баллдар қосып есептелінетін медициналқ қызметтердің тізбесіне кез-келген өзгертулерді кез-келген уақытта енгізу және Қатысушылардың аталған медициналық қызметерді сатып аларда алатын бонустық баллдардың мөлшерін, әрбір Қатысушы үшін Артықшылықтардың тізімі мен қолжетімділігін белгілеудің қарсылықтар ескерілмейтін құқын өзіне қалдырады.

12.3. Ұйымдастырушы кез-келген уақытта Бағдарламаны тоқтату немесе уақытша тоқтату құқын өзіне қалдырады, ол үшін www.invitro.kz сайтында тиісті хабарламаны Бағдарламаны тоқтататын немесе уақытша тоқтататын болжамды күнінен 30 (отыз) күн алдын орналастырады. Ұйымдастырушы Бағдарламаны тоқтату немесе уақытша тоқтату сәтінде Қатысушының кез-келген бонустық шотына қатысты Бағдарламаның тоқтатылуы немесе уақытша тоқтатылуы үшін жауапты болмайды.

12.4. Бағдарламаны тоқтату немесе уақытша тоқтату туралы хабарлама, егер ол www.invitro.kz сайтында орналастырылса, Ұйымдастырушының тарапынан Қатысушыға табысталды болып септелінеді.

12.5. Қатысушы өзінің Келісімде көрсеткен барлық деректемелерін Бағдарламаның Операторы, Ұйымдастырушысы, Серіктестері, өздері уәкілеттік берген ұйымдар және өзге үшінші тараптар Бағдарламаның қолданылуы шегінде ғана пайдалануына рұқсат бергенін растайды.

12.6. Бағдарламаның арнайы ұсынымдарына және жарнамалық акцияларына қатысатын Қатысушылар аталған ұсынымдардың және жарнамалық акциялардың ережелерімен www.invitro.kz сайтында танысып алып, оларды орындауы тиіс.

12.7. Осы Ережелерде көрсетілмеген өзге ережелермен, оның ішінде Бағдарлама Ұйымдастырушысы, Серіктестері өткізетін жарнамалық акциялардың және кампаниялардың ережелерімен www.invitro.kz сайтының арнайы тарауларында танысып алуға болады.

13. Дауларды шешу

13.1. Осы Бағдарламаға қатысты кез-келген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сай шешімін табады.